

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Энергетика кафедрасы

Іліяс Әсел Шормаққызы

Электр торабын жобалау және реактивті қуатты автоматты басқару

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B071800 – Электр энергетикасы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты


Энергетика кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі м.а.

PhD докторы, ассистент
профессор

 Е.А. Сарсенбаев
« 8 » 05 2019 ж.



ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Электр торабын жобалау және реактивті қуатты автоматты басқару»

5B071800 – Электр энергетика мамандығы бойынша

Орындаған

Іліяс Ә.Ш.

Пікір беруші

Ғылыми жетекші

АЭЖБУ “Электр машиналары және
электр жетегі” кафедрасының
доценті, PhD

т.ғ.к., ассоц.профессор



Алмуратова Н.К.



Акпанбетов Д.Б.

« 10 » 05 2019 ж.

« 14 » 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, құрылыс және энергетика институты

Энергетика кафедрасы

5B071800 – Электр энергетикасы

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі м.а.

PhD докторы, ассистент профессор

Е.А. Сарсенбаев

«28» 01 2019 ж.

**Дипломдық жұмысты орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы *Іліяс Әсел Шормақызы*

Тақырыбы «Электр торабын жобалау және реактивті қуатты автоматты басқару»
Университет ректорының 2018ж. «15» желтоқсандағы № 1210-б бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «23» сәуір 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістер: Қосалқы станциялардың қуаты,
ұзындығы, қуат коэффициенті максималды жұмыс уақыты

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Электр торабын жобалау;

б) Арнайы бөлім. Реактивті қуатты автоматты басқару;

в) Еңбек қорғау бөлімі;

Сызбалық материалдар тізімі Сызбалық материалдарды слайдпен дайындау
Ұсынылатын негізгі әдебиеттер 6 атау

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Кернеуі 500 кВ Электр торабын жобалау	22.02.19	тоқ
Реактивті қуатты автоматты басқару	29.03.19	тоқ
Еңбек қорғау және қауіпсіздік	25.04.19	тоқ

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	Д.Б. Ақпанбетов т.ғ.к., ассоц.профессор		
Еңбек қорғау бөлімі	Д.Б. Ақпанбетов т.ғ.к., ассоц.профессор		
Норма бақылау	Ә. О. Бердібеков Магистр, сениор-лектор	03.05.2019	

Ғылыми жетекші



Д.Б. Ақпанбетов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Ә.Ш. Іліяс

Күні

« 10 » 05 2019 ж.

Студент

Іліяс Әсел

(аты-жөні)

Дипломдық жұмысына

П І К І Р

Мамандық

5B071800 – Электр энергетикасы

Дипломдық жұмыс тақырыбы

Электр торабын жобалау және реактивті қуатты автоматты басқару

а) графикалық бөлімі 9 слайд Power point форматында;

б) түсініктемелік жазба 52 бет.

Дипломдық жұмыс бойынша ескертулер

Дипломдық жұмысты негізгі, арнайы бөлімдер, еңбекті қорғау бөлімдері құрайды. Негізгі бөлімде кернеуі 500кВ электр беріліс желісі үшін есептеулер жүргізіледі, қысқа тұйықталу токтары есептеледі, тіректер, аппараттар және құрылғылар таңдалады. Арнайы бөлімде синхронды компенсаторлардың реактивті қуаттын автоматты басқару және статикалық компенсаторлардың реактивті қуатын автоматты реттеу қарастырылады. Еңбек қорғау бөлімінде қауіпсіздік жөніндегі сұрақтар қарастырылып, найзағайдан қорғау аймағына есептеулер жүргізілді.

Ескерту:

1) Электр жабдықтарды таңдау барысында тиімділіктері туралы ақпарат келтірілмеген.

1) Арнайы бөлімде тақырыбына сай теориялық мағлұматтар басым, келтірілген экономикалық тиімділік бойынша есептеулер жеткіліксіз.

Дипломдық жұмыстың бағасы

Дипломдық жұмыс «95б», «А», «өте жақсы» деп бағаланады, ал студент Іліяс Әсел электрэнергетика мамандығы бойынша техника және технологиялар бакалавры академиялық дәрежесіне лайық деп есептеймін.

Пікір беруші

Алмұратова Н.Қ.

(аты-жөні)

Қызметі

Алматы энергетика және байланыс университеті

«Электр машиналар және электр жетегі» кафедрасының доценті, PhD



«10» мамыр 2019 жыл

Т.К Бәсенов атындағы сәулет, құрылыс және энергетика институты
Энергетика кафедрасы

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС ЖЕТЕКШІСІНІҢ ПІКІРІ

Диплом
қорғаушы

Іліяс Әсел Шормаққызы

(аты-жөні)

Тақырыбы

**Электр торабын жобалау және реактивті қуатты
автоматты басқару**

Дипломдық жұмыстың түсіндірмелік жазбасы 3

*бөлімнен құрылған. Бірінші бөлімінде электрэнергетиканың даму
қарқынына байланысты ЭБЖ жобалау маңыздылығы көрсетілген.*

*Дипломдық жұмыстың негізгі бөлімінде ЭБЖ екі нұсқасы
салыстырылып, техникалық экономикалық есептеулер бойынша
тиімдісі таңдалған. Майлы ажыратқыштардың орнына элегазды
ажыратқыштар, аз майлы ажыратқыштардың орнына вакуумдық
ажыратқыштар таңдалған.*

*Арнайы бөлімінде қазіргі уақытта маңызды мәселелердің бірі -
реактивті қуатты автоматты реттеу мәселелері қарастырылған.*

*Берілген тапсырманы орындау барысында Іліяс Ә. дипломдық
жұмысты тақырыбына сәйкес толық көлемде орындады және өзін
сауатты, электр тораптарын жобалау мәселелерін өз бетімен шеше
алатын, техникалық әдебиетпен жұмыс істей алатын
маман ретінде көрсете білді.*

*Дипломдық жұмыс «96б», «А», «өте жақсы» деп бағаланады,
ал студент Іліяс Әсел Шормаққызы 5B071800 – Электр
энергетикасы мамандығы бойынша техника және технологиялар
бакалавры академиялық дәрежесіне лайық деп есептеймін.*

Жетекші

ассоц. профессор, техн. ғыл. канд.

(ғылыми атағы, дәрежесі)

(қолы)

Ақпанбетов Д.Б.

(аты-жөні)

«11» 05 2019 жыл

АНДАТПА

Дипломдық жұмыста электр торабы жобаланды. Негізгі бөлімде электр беріліс желісінің номиналды кернеуін таңдау, желі бойындағы қосалқы станцияларға трансформатор таңдалып, олардың кедергілерімен шығындарын есептелінді. Коммутациялық аппараттар таңдалды. Арнайы бөлімде электр желілеріндегі кернеу мен реактивті қуатты автоматты реттеу қарастырылды. Еңбек қорғау бөлімінде қауіпсіз шаралары қарастырылды.

АННОТАЦИЯ

В дипломной работе была спроектирована электрическая сеть. В основной части рассматривался выбор номинального напряжения линии электропередачи, на подстанции по линии выбирали трансформатор и рассчитали потери с их сопротивлениями. Были выбраны коммутационные аппараты. В специальной части предусмотрено автоматическое регулирование напряжения и реактивной мощности в электрических сетях. В части охраны труда рассмотрены меры безопасности.

ANNOTATION

In the thesis was engineered electrical network. In the main part, the choice of the nominal voltage of the power line was considered, at the substation, a transformer was chosen along the line and the losses with their resistances were calculated. Was chosen switching devices. The special part considers automatic regulation of voltage and reactive power in electrical networks. In terms of labor protection safety measures are considered.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Электр торабын жобалау	8
1.1	Электр беріліс желісінің сұлбасын құру нұсқалары	8
1.1.1	Электр беріліс желісінің номиналды кернеуін таңдау	9
1.1.2	Желі бойындағы қосалқы станцияларға трансформатор таңдау	10
1.1.3	Трансформатордың кедергілерін және шығындарын есептеу	13
1.1.4	Тұйықталған жүйе учаскісіндегі қуат таралуын есептеу	21
1.2	Тұйықталған желінің қималарын есептеу және таңдау	22
1.2.1	Тұйықталған жүйеде максималды жүктеме кезіндегі алмастыру сұлбасы және шығындарын есептеу	27
1.3	Желідегі қысқа тұйықталу тогын табу және параметрлеріне сәйкес аппараттар таңдау	29
1.3.1	Есептелген параметрлер бойынша электр аппараттарын таңдау	32
1.3.2	Әуе электір беріліс желісі үшін тірек материалын таңдау	37
2	Реактивті қуатты автоматты басқару	39
2.1	Электр желілеріндегі кернеу мен реактивті қуатты автоматты реттеу	39
2.2	Реактивті қуатты автоматты басқарудың мақсаттарымен ерекшеліктері	39
2.3	Синхронды компенсаторлардың реактивті қуатын автоматты реттеу ерекшеліктері	41
2.4	Статикалық компенсаторлардың реактивті қуатын автоматты реттеу	43
2.5	Статикалық компенсаторлардың реактивті қуатын автоматты реттеуші	44
2.6	Реактивті қуатты қарымталау	46
3	Еңбек қорғау	49
3.1	Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану кезіндегі қауіпсіздік қағидалары	49
3.2	Қауіпсіздік шаралары	50
	Қорытынды	51
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	52

КІРІСПЕ

Электр энергетикасы базалық салалардың бірі бола отырып, кез келген мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік саласында маңызды рөл атқарады. Сондықтан электр энергетикасы Қазақстан Республикасы экономикасының басым секторларының бірі ретінде айқындалып, жаңа тиімділігі жоғары технологиялар мен елдің жалпы ішкі өніміндегі энергия қажетсінуді тұрақты төмендету базасында электр энергетикасының орнықты дамуы кезінде энергетика – экономика – табиғат – қоғам серпінді теңдестірілген жүйе ретінде қарастырылады. Экономиканы әр тараптандыру мен өнеркәсіптің шикізаттық емес салаларын және ауыл шаруашылығын дамытуға күш салынып жатыр. Әлемнің барынша бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру міндеті қойылған.

Электр қуаты және энергиясына перспективті қажеттіліктің өсуін жабу үшін электр станцияларын дамыту мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асыру көзделуде: жұмыс істеп тұрған электр станцияларының жабдықтарын техникалық қайта жарақтандыру мен қайта жаңғырту; жұмыс істеп тұрған электр станцияларында жаңа қуаттарды іске қосу; жаңа электр станцияларын салу (ЖЭО, КнЭС, СЭС, ГТЭС) теңгерімге дәстүрлі емес жаңартылатын энергия көздерін енгізу (ЖЭС, КЭС). Электр жүктемесінің артуын жабу үшін жұмыс істеп тұрған электр станцияларын кеңейту мен техникалық қайта жарақтандыру, сондай-ақ жаңасын салу жөніндегі іс-шаралар қажет.

Болашақта электр энергетика саласында мәселелер туындамауы үшін, бұл дипломдық жұмыста электр тораптарының және электр жүйелердің жақсы қызмет көрсетуі үшін электр таратушы торапты өте дәл жобалау қажет. Онда желі конфигурациясының өте тиімді экономикалық сұлбасын, желілердің ұтымды нұсқаларын, ұтымды кернеулерді, керекті трансформаторлардың санын және қуатын, компенсациялайтын құралдардың қуаты және орналасуының нақты шешімдерін табу керек.

Электр тұтынушылардың электрлік жүктемелерін және әр қосалқы станциялармен энергетикалық түйіндердің активті қуаттының балансын құрып, жаңа төмендеткіш қосалқы станциялардың құрылғыларын орнату.

Қоректендіруші торапты жобалаған кезде энергетикалық станциялардың және қосалқы станциялардың сұлбалары ескеріледі.

1 Электр торабын жобалау

1.1 Электр беріліс желісінің схемасын құру нұсқалары


Әртүрлі объектілерінің жұмыс істеу жағдайларының алуан түрлілігі олардың электрмен жабдықтау схемасының алуан түрлі болуына себепші болады. Тұтынушылардың қоректену схемалары энергия көзінің қашықтығына, берілген ауданның электрэнергетика жабдықтаудың жалпы схемасына, тұтынушылардың территориялық орналасуымен олардың қуатына, сенімділіген қойылатын талаптарға және т.б. тәуелді. 1.1-кестеде тораптың берілген мәндері көрсетілген.

1.1-кесте – берілген тораптың мәндері

Қосалқы станциялардың қуаты, МВт	P1	60
	P2	30
	P3	20
	P4	50
Ұзындығы, км	L1	50
	L2	50
	L3	80
	L4	30
	L5	160
Қуат коэффициенті, $\cos\varphi$	0,87	
Макс. жұмыс уақыты T _{max} , сағ	5900	
K _x	0.6	
Min _{режим}	43%	

1.1-кесте бойынша P1-P4 – қосалқы станциялардың максималды жүктемелері, L1-L5 – желі ұзындықтары, T_{max}=5900сағ – Максималдық жүктеменің жылдық сағаты, 40(%) пайыз – Минималды жүктеме кезіндегі жүктеме.

Осы дипломдық жобада тұйықталған желі қарастырылған. Бұл жерде, экономикалық жағынан тиімді және тұтынушыларға электр қуатын үзіліссіз таратуды қамтамасыз ету, электр энергияны аймақтарға сенімді және тиімді тарату басты мақсат болып келеді. Осыған ең тиімді сұлба таңдау басты шарттардың біріне кіреді. Тұйықталған желілер айналмалы желілер болып келеді. Олар бір ғана контур құрайды. Оның артықшылығы желінің бір учаскесі үзілгенде желі басқа учаскіден қоректену береді. Сонымен қатар қуаттың аз шығындары. Тұйықталған желінің сұлбасы 1.1 – суретте көрсетілген.



1.1 – сурет – Тұйықталған желінің схемасы

1.1.1 Электр беріліс желісінің номиналды кернеуін таңдау

Желі линиясының номинал кернеуін таңдау күрделі технико-экономикалық есеп болып табылады. Ол көптеген факторларға байланысты. Мысалы, кернеуінің мәні төмен линияның жабдықтарының және құрылыстарының құны аз болады. Кернеудің ұлғаюына байланысты қуат және энергия шығындары азаяды, электрлік желіні дамыту жағдайлары жақсарады. Сол үшін Стилла формуласын қолданамыз. Электр тораптарының номиналды кернеу ұзындықтарының шкаласы МЕСТ 721-77 анықталған және келесідей кернеу қатарын құрастырады: 0,38; 3; 6; 10; 20; 35; 110; 150; 220; 330; 500; 750; 1150 кВ

Бөлек сызықты электр беріліс желісінің номиналды кернеуі ең алдымен екі параметрлі функциямен: желімен таратылатын P қуат, және де сол қуат таратылатын L қашықтыққа. Соған байланысты желінің номиналды кернеуін табудың, әр түрлі авторлармен ұсынылған бірнеше эмпирикалық формулалары болады. Мен өзімнің курстық жұмысымда Стилл формуласымен есептедім. Себебі, осы формула кернеуі 35-тен 750 кВ-қа дейін номиналды кернеудің барлық шкаласына қанағаттандырылған нәтиже береді.

Стилла формуласы бойынша номиналды кернеуі осы формула бойынша анықталады:

$$U_{\text{ном}} = 4,34 \cdot \sqrt{L + 16 \cdot P}, \quad (1.1)$$

$$U_{\text{н1}} = 4,34 \cdot \sqrt{50 + 16 \cdot 60} = 114 \text{ кВ} \approx 110 \text{ кВ},$$

$$U_{\text{н2}} = 4,34 \cdot \sqrt{50 + 16 \cdot 30} = 99 \text{ кВ} \approx 110 \text{ кВ},$$

$$U_{\text{н3}} = 4,34 \cdot \sqrt{80 + 16 \cdot 20} = 86,8 \text{ кВ} \approx 110 \text{ кВ},$$

$$U_{\text{н4}} = 4,34 \cdot \sqrt{30 + 16 \cdot 50} = 112 \text{ кВ} \approx 110 \text{ кВ},$$

$$U_{\text{ном5}} = \frac{1000}{\sqrt{\frac{500}{L} + \frac{2500}{P}}} = \frac{1000}{\sqrt{\frac{500}{160} + \frac{2500}{160}}} = 230\text{кВ} \approx 500\text{кВ}.$$

мұндағы $U_{\text{ном5}}$ – Илларионов формуласымен есептедім

U - желідегі кернеу, кВ;

l - желінің ұзындығы, км;

P - активті қуат, МВт.

1- және 2- қосалқы станцияның қуатын 40МВт деп алып есептедім.

Кернеу шығыны келесі формуламен есептейміз:

$$\Delta U = \frac{P \cdot r_0 \cdot L + Q \cdot x_0 \cdot L}{U_{\text{ном}}} \quad (1.2)$$

110кВ үшін $r_0 = 0,2$; $x_0 = 0,4$ деп аламыз.

мұндағы r_0 – меншікті активті кедергі, Ом/км;

x_0 – меншікті реактивті кедергі, Ом/км.

$$\Delta U_1 = \frac{60 \cdot 0.2 \cdot 50 + 34 \cdot 0.4 \cdot 50}{110} = \frac{600 + 680}{110} = 11.63\text{кВ},$$

$$\Delta U_2 = \frac{30 \cdot 0.2 \cdot 50 + 17 \cdot 0.4 \cdot 50}{110} = \frac{300 + 340}{110} = 5.81\text{кВ},$$

$$\Delta U_3 = \frac{20 \cdot 0.2 \cdot 80 + 11.3 \cdot 0.4 \cdot 80}{110} = \frac{320 + 361,6}{110} = 6.19\text{кВ},$$

$$\Delta U_4 = \frac{50 \cdot 0.2 \cdot 30 + 28.33 \cdot 0.4 \cdot 30}{110} = \frac{300 + 339,6}{110} = 5.81\text{кВ},$$

$$\Delta U_5 = \frac{160 \cdot 0.2 \cdot 160 + 90,65 \cdot 0.4 \cdot 160}{500} = \frac{5120 + 5801,6}{500} = 21.8\text{кВ}$$

1.1.2 Желі бойындағы қосалқы станцияларға трансформатор таңдау

Трансформаторлардың қуаты мен санын, төмендету қосалқы станцияларында келесі принцип бойынша таңдайды егер, екі трансформаторлы қосалқы станция қолданса, онда трансформатордың қуаты келесі шартпен таңдалады:

$$S_{ec} = \frac{P}{\cos \varphi} \quad (1.3)$$

$$S_{\text{тр}} \geq \frac{S_{\text{ec}}}{2 \cdot 0,7}, \quad (1.4)$$

$$Q_{ij} = \sqrt{S_n^2 - P_n^2}. \quad (1.5)$$

мұндағы P – активті жүктеме, МВт;

$\cos \varphi$ – қуат коэффициенті.

S_{ec} - толық жүктеме

$S_{\text{трн}}$ - трансформатордың қуаты МВА

Q_{ij} - реактивті қуат, МВар

1-қосалқы станция үшін:

$$S_{\text{ec}} = \frac{P}{\cos \varphi} = \frac{60}{0.87} = 68.965 \text{ МВА},$$

$$S_{\text{тр}} \geq \frac{S_{\text{ec}}}{2 \cdot 0,7} = \frac{68.965}{1.4} = 49.26 \text{ МВА},$$

$$Q_1 = \sqrt{S_n^2 - P_n^2} = \sqrt{68.965^2 - 60^2} = 34.$$

Осы шыққан мәндерге сәйкес, 1 – қосалқы станцияға ТРДН/63000/110 типті трансформаторы таңдалды. 1.2 – және 1.3 – кестеге 1- қосалқы станцияға таңдалған трансформатордың параметрлері енгіземін.

2 – қосалқы станция үшін:

$$S_{\text{ec}} = \frac{P}{\cos \varphi} = \frac{30}{0.87} = 34.48 \text{ МВА},$$

$$S_{\text{тр}} \geq \frac{S_{\text{ec}}}{2 \cdot 0,7} = \frac{34.48}{1.4} = 24.63 \text{ МВА},$$

$$Q_2 = \sqrt{S_n^2 - P_n^2} = \sqrt{34.48^2 - 30^2} = 17.$$

Осы шыққан мәндерге сәйкес, 2 – қосалқы станцияға ТРДН/25000/110 типті трансформаторы таңдалды. 1.2 – және 1.3 – кестеге 2 – қосалқы станцияға таңдалған трансформатордың параметрлері енгіземін.

3 – қосалқы станция үшін:

$$S_{\text{ec}} = \frac{P}{\cos \varphi} = \frac{20}{0.87} = 22.98 \text{ МВА},$$

$$S_{\text{тр}} \geq \frac{S_{\text{ec}}}{2 \cdot 0,7} = \frac{22.98}{1.4} = 16.42 \text{ МВА},$$

$$Q_3 = \sqrt{S_n^2 - P_n^2} = \sqrt{22.988^2 - 20^2} = 11.33.$$

Осы шыққан мәндерге сәйкес, 3 – қосалқы станцияға ТРДН/25000/110 типті трансформаторы таңдалды. 1.2 – және 1.3 – кестеге 3 –қосалқы станцияға таңдалған трансформатордың параметрлері енгіземін.

Бас таратушы қосалқы станция үшін:

$$S_{ec} = \frac{P}{\cos \varphi} = \frac{160}{0.87} = 183.90 \text{ МВА},$$

$$S_{тр} \geq \frac{S_{ec}}{2 \cdot 0,7} = \frac{183.90}{1.4} = 131.36 \text{ МВА},$$

$$Q_5 = \sqrt{S_n^2 - P_n^2} = \sqrt{183.90^2 - 160^2} = 90.6.$$

Осы шыққан мәндерге сәйкес, бас таратушы қосалқы станцияға АТДЦТН/250000/500/110 типті автотрансформаторы таңдалды. 1.2 – және 1.3 – кестеге бас таратушы қосалқы станцияға таңдалған трансформатордың параметрлері енгіземін.

1.2-кесте - Таңдалған трансформаторлар параметрлері

Трансформатор типi	$S_{ном}$	Уном.орам, кВ			Uк, %			Рқ.т кВт	Рб.ж кВт	I,%
		U _{вн} , кВ	U _{сн} , кВ	U _{нн} , кВ	Жк- Ок	Ж к- Тк	Ок- Тк			
ТРДН-63000/110	63000	115	-	6.3	10,5	-	-	245	50	0.5
ТРДН-25000/110	25000	115	-	6.3	10,5	-	-	120	25	0.65
АТДЦТН- 250000/500/110	250000	500	121	10,5	13	33	18,5	670	190	0.40

1.3-кесте-Қосалқы станцияның берілгендері бойынша таңдалған параметрлері

Қосалқы станция-ның берілгендері	P1	P2	P3	P4	P5
Активті қуаты, МВт	60	30	20	50	160
ҚС-қа дейінгі ұз-дық, км	50	50	80	30	160
Толық қуаты,МВА	68.96	34.48	22.98	57.47	183.9
Есептелген қуаты, МВА	49.26	24.63	16.42	41.05	131.36
Реактивті қуаты, Мвар	34	17	11.33	28.33	90.6
Таңдалған кернеу, кВ	110	110	110	110	500
Таңдалған трансформаторлар	ТРДН – 63000/110	ТРДН – 25000/110	ТРДН – 25000/110	-	АТДЦТН- 250000/500/110

1.1.3 Трансформатордың кедергілерін және шығындарын есептеу

Таңдалған трансформатордың шығындарын анықтай отырып олардың әр қосалқы станцияның алмастыру схемаларын сызамын.

1 – қосалқы станция үшін (1.6)-(1.11)- формулаларды пайдалана отырып есептелуді жүргіземіз. 1 – қосалқы станцияның трансформатор типі: ТРДН – 63000/110, трансформатордың алмастыру схемасы 1.2 – суретте көрсетілген.

Трансформатордың параметрлерін келесі формулаларымен анықтаймыз:

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{кт}} \cdot U_{\text{н}}^2}{10^3 \cdot S_{\text{н}}^2}, \quad (1.6)$$

мұндағы $\Delta P_{\text{кт}}$ – трансформатордың қысқа тұйықталу шығыны;

$U_{\text{н}}$ – трансформатордың номиналды кернеуі;

$S_{\text{н}}$ – трансформатордың номиналды қуаты.

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{кт}} \cdot U_{\text{н}}^2}{10^3 \cdot S_{\text{н}}^2} = \frac{245 \cdot 115^2}{10^3 \cdot 63^2} = 0.81 \text{ Ом.}$$

Әр орамның реактивтік кедергісін анықталады:

$$X_1 = \frac{U_{\text{к}} \% \cdot U_{\text{н}}^2}{100 \cdot S_{\text{н}}}, \quad (1.7)$$

$$X_1 = \frac{U_{\kappa \%} \cdot U_{\text{H}}^2}{100 \cdot S_{\text{H}}} = \frac{10.5 \cdot 115^2}{100 \cdot 63} = 22,04 \text{ Ом.}$$

мұндағы U_{κ} – трансформатор орамының қысқа тұйықталу кернеуі.

Қуат коэффициенті бойынша толық қуатты және реактивтік қуатты анықталады:

$$\Delta P_1 = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{H}}^2} \cdot R, \quad (1.8)$$

$$\Delta P_1 = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{H}}^2} \cdot R = \frac{60^2 + 34^2}{115^2} \cdot 0.81 = 0.29 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_1 = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{H}}^2} \cdot X, \quad (1.9)$$

$$\Delta Q_1 = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{H}}^2} \cdot X = \frac{60^2 + 34^2}{115^2} \cdot 22.04 = 7.91 \text{ МВрт},$$

$$P'_1 + jQ' = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q), \quad (1.10)$$

$$\begin{aligned} P'_1 + jQ' &= (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (60 + 0.29) + j(34 + 7.91) \\ &= 60.29 + j41.91, \end{aligned}$$

$$\Delta P_0 = P_{\text{бж}} = 50 \text{ кВт} = 0,05 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{\mu} = \frac{I_0 + S_{\text{H}}}{100}, \quad (1.11)$$


$$\Delta Q_{\mu} = \frac{I_0 + S_{\text{H}}}{100} = \frac{0,5 \cdot 63000}{100} = 0,31 \text{ МВар},$$

$$\Delta P_1'' + jQ_1'' = (60.29 + 0.05) + j(41.91 + 0.31) = 60.34 + j42.22 \text{ МВА.}$$

мұндағы ΔP – желідегі активті қуат шығыны, МВт;

ΔQ_{μ} – зарядтық қуат;

ΔQ – желідегі реактивті қуат шығыны, МВар



1.2 – сурет - ТРДН – 63000/110 типті трансформаторының алмастыру схемасы

2 – қосалқы станция үшін (1.6)-(1.11)- формулаларды пайдалана отырып есептелуді жүргіземіз. 2 – қосалқы станцияның трансформатор типі: ТРДН – 25000/110, трансформатордың алмастыру схемасы 1.3 – суретте көрсетілген.

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{КТ}} \cdot U_{\text{Н}}^2}{10^3 \cdot S_{\text{Н}}^2} = \frac{120 \cdot 115^2}{10^3 \cdot 25^2} = 2.53 \text{ Ом},$$

$$X_1 = \frac{U_{\text{к}} \% \cdot U_{\text{Н}}^2}{100 \cdot S_{\text{Н}}} = \frac{10.5 \cdot 115^2}{100 \cdot 25} = 55.5 \text{ Ом},$$

$$\Delta P_2 = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{Н}}^2} \cdot R = \frac{30^2 + 17^2}{115^2} \cdot 2.53 = 0.22 \text{ МВт},$$


$$\Delta Q_2 = \frac{P^2 + Q^2}{U_{\text{Н}}^2} \cdot X = \frac{30^2 + 17^2}{115^2} \cdot 55.5 = 4.98 \text{ МВар},$$

$$P'_2 + jQ'_2 = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (30 + 0.22) + j(17 + 4.98) = 30.22 + j21.98,$$

$$\Delta P_0 = P_{\text{бж}} = 25 \text{ кВт} = 0.025 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{\mu} = \frac{I_0 + S_{\text{Н}}}{100} = \frac{0.65 \cdot 25}{100} = 0.162 \text{ МВар},$$

$$\Delta P_2'' + jQ_2'' = (30.22 + 0.025) + j(21.98 + 0.22) = 30.245 + j22.2 \text{ МВА.}$$



1.3 – сурет - ТРДН – 25000/110 типті трансформаторының алмастыру схемасы

3 – қосалқы станция үшін (1.6)-(1.11)-формуларды пайдалана отырып есептелуді жүргіземіз. 3 – қосалқы станцияның трансформатор типі: ТРДН – 25000/110, трансформатордың алмастыру схемасы 1.4 – суретте көрсетілген.

$$R_{tr} = \frac{\Delta P_{кт} \cdot U_H^2}{10^3 \cdot S_H^2} = \frac{120 \cdot 115^2}{10^3 \cdot 25^2} = 2.53 \text{ Ом,}$$

$$X_1 = \frac{U_k \% \cdot U_H^2}{100 \cdot S_H} = \frac{10.5 \cdot 115^2}{100 \cdot 25} = 55.5 \text{ Ом,}$$

$$\Delta P_3 = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot R = \frac{20^2 + 11.33^2}{115^2} \cdot 2.53 = 0.10 \text{ МВт,}$$


$$\Delta Q_3 = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot X = \frac{20^2 + 11.33^2}{115^2} \cdot 55.5 = 2.21 \text{ МВар,}$$

$$P'_3 + jQ'_3 = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (20 + 0.10) + j(11.33 + 2.21) = 20.1 + j13.54,$$

$$\Delta P_0 = P_{\text{бж}} = 25 \text{ кВт} = 0,025 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{\mu} = \frac{I_0 + S_H}{100} = \frac{0,65 \cdot 25}{100} = 0.162 \text{ МВар},$$

$$\Delta P_3'' + jQ_3'' = (20.1 + 0.025) + j(13.54 + 0.10) = 20.125 + j13.54 \text{ МВА}.$$



1.4 – сурет - ТРДН – 25000/110 типті трансформаторының алмастыру схемасы

4 – қосалқы станция үшін (1.6)-(1.11)-ші формулаларды пайдалана отырып есептелуді жүргіземіз. 4 – қосалқы станцияның трансформатор типі: АТДЦТН/250000/500/110, трансформатордың алмастыру схемасы 1.5–суретте көрсетілген.

$$R_{\text{тр}} = \frac{\Delta P_{\text{кт}} \cdot U_{\text{н}}^2}{10^3 \cdot S_{\text{н}}^2} = \frac{670 \cdot 500^2}{10^3 \cdot 250^2} = 2.68 \text{ Ом},$$

Қосалқы станцияда трансформаторлар параллель жұмыс істемейді, сондықтан:

$$R_1 = R_2 = R_3 = 0.5 \cdot R_{\text{тр}}, \quad (1.12)$$

$$R_1 = R_2 = R_3 = 0.5 \cdot 2.68 = 1.34 \text{ Ом},$$

Әр орамның қысқа тұйықталу кернеулері анықтаймыз

$$U_{k1} = 0.5 \cdot (U_{(ЖК-ОК)} + U_{(ЖК-ТК)}) - U_{(ОК-ТК)}, \quad (1.13)$$

$$U_{k2} = 0.5 \cdot (U_{(ОК-ТК)} + U_{(ЖК-ОК)}) - U_{(ЖК-ТК)}, \quad (1.14)$$

$$U_{k3} = 0.5 \cdot (U_{(ЖК-ТК)} + U_{(ОК-ТК)}) - U_{(ЖК-ОК)}, \quad (1.15)$$

$$U_{k1} = 0.5 \cdot (U_{(ЖК-ОК)} + U_{(ЖК-ТК)}) - U_{(ОК-ТК)} = 0,5 \cdot (13 + 33 - 18,5) = 13.75\%,$$

$$U_{k2} = 0.5 \cdot (U_{(ОК-ТК)} + U_{(ЖК-ОК)}) - U_{(ЖК-ТК)} = 0,5 \cdot (18.5 + 13 - 33) = -0.75\%,$$

$$U_{k3} = 0.5 \cdot (U_{(ЖК-ТК)} + U_{(ОК-ТК)}) - U_{(ЖК-ОК)} = 0,5 \cdot (33 + 18.5 - 13) = 19.25\%,$$

$$X_1 = \frac{U_K \% \cdot U_H^2}{100 \cdot S_H} = \frac{13.75 \cdot 500^2}{100 \cdot 250} = 137.5 \text{ Ом},$$

$$X_2 = \frac{U_K \% \cdot U_H^2}{100 \cdot S_H} = \frac{0 \cdot 500^2}{100 \cdot 250} = 0 \text{ Ом},$$

$$X_3 = \frac{U_K \% \cdot U_H^2}{100 \cdot S_H} = \frac{19.25 \cdot 500^2}{100 \cdot 250} = 192.5 \text{ Ом}.$$

Қуат коэффициенті бойынша толық қуатты және реактивтік қуатты және автотрансформатордың жүктелуі (1.3-1.5) формулалары бойынша қуаттарын анықтаймыз:

$$S_{40} = \frac{P}{\cos \varphi} = \frac{64}{0.87} = 73 \text{ МВА},$$

$$Q_{40} = \sqrt{S_n^2 - P_n^2} = \sqrt{73^2 - 64^2} = 35.51 \text{ МВар},$$

$$S_{60} = \frac{P}{\cos \varphi} = \frac{96}{0.87} = 110 \text{ МВА},$$

$$Q_{60} = \sqrt{S_n^2 - P_n^2} = \sqrt{110^2 - 96^2} = 53 \text{ МВар},$$

$$\Delta P_{43} = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot R = \frac{64^2 + 35.51^2}{500^2} \cdot 1.34 = 0.02 \text{ МВт},$$

$$\Delta Q_{43} = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot X = \frac{64^2 + 35.11^2}{500^2} \cdot 192,5 = 4.10 \text{ МВар},$$

$$P'_{43} + jQ'_{43} = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (64 + 0.02) + j(35.11 + 4.10) \\ = 64.02 + j39.21 \text{ MBA},$$

$$\Delta P_{42} = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot R = \frac{96^2 + 53^2}{500^2} \cdot 1.34 = 0.06 \text{ MBТ},$$

$$\Delta Q_{42} = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot X = \frac{96^2 + 53^2}{500^2} \cdot 0 = 0 \text{ MBТ},$$

$$P'_{42} + jQ'_{42} = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (96 + 0.06) + j(53 + 0) \\ = 96.06 + j53 \text{ MBA},$$

$$P_{41} + jQ_{41} = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (64 + 96) + j(39.21 + 53) \\ = 160 + j92.21 \text{ MBA},$$

$$\Delta P_{41} = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot R = \frac{160^2 + 121^2}{500^2} \cdot 1.34 = 0.2 \text{ MBТ},$$


$$\Delta Q_{41} = \frac{P^2 + Q^2}{U_H^2} \cdot X = \frac{160^2 + 121^2}{500^2} \cdot 137,5 = 22,1 \text{ MBap},$$

$$P'_4 + jQ'_4 = (P + \Delta P) + j(Q + \Delta Q) = (160 + 0.2) + j(121 + 22.1) \\ = 160.2 + j143.1 \text{ MBA},$$

$$\Delta P_0 = P_{\text{бж}} = 190 \text{ кВт} = 0,190 \text{ MBТ},$$

$$\Delta Q_{\mu} = \frac{I_0 + S_H}{100} = \frac{0,40 \cdot 250}{100} = 1 \text{ MBap},$$

$$\Delta P_4'' + jQ_4'' = (160.2 + 0.190) + j(143.1 + 1) = 160.39 + j144.1 \text{ MBA}.$$



1.5 – сурет - АТДЦТН/250000/500/110 типті автотрансформаторының алмастыру схемасы

Барлық төрт қосалқы станциядағы трансформатордың есептелген шығындарын 1.4 - кестеге енгіземіз

1.4 – кесте – Трансформатордың есептелген шығындары

Трансформа торлар	$R_{тр}$	$X_{тр}$	ΔP	ΔQ	P'_n	Q'_n	ΔP_0	ΔQ_μ	$\Delta P''_n$	Q''_3
ТРДН – 63000/110	0,81	22,04	0,29	7,91	0,05	0,31	60,29	41,91	60,34	42,2 2
ТРДН– 25000/110	2,53	55,5	0,22	4,98	0,025	0,162	30,22	21,98	30,24	22,2
ТРДН– 25000/110	2,53	55,5	0,10	2,21	0,025	0,162	20,1	13,54	20,12	13,6 4
АТДЦТН- 250000/500/ 110	1,34	137,5	0,06	4,10	64,02	39,21	0,190	1	160,3	144, 1
	1,34	0	0,02	0	96,06	53				
	1,34	192,5	0,2	22,1	160	92,21				

1.1.4 Тұйықталған жүйе учаскісіндегі қуат таралуын есептеу

Жобалаудың басында желінің линия бөліктеріндегі кедергі белгісіз болғандықтан, қуаттың шамасы жуық мәндермен анықтылды. Радиалды

желінің басындағы бөліктеріндегі қуат жекелеген тұтынушылардың қосындысымен анықталады. Тұйықталған желі үшін қуаттың таратылуын барлық бөліктердегі қима бірдей деп алып, екі жақты қоректендірілетін линияда сияқты анықталады.

Желінің екі жақтан қоректендіруші қорек көзінің қуаттары есептейміз

$$P_A = \frac{P_1(L_1) + P_2(L_1 + L_2) + P_3(L_1 + L_2 + L_3)}{L_1 + L_2 + L_3 + L_4}, \quad (1.16)$$

$$P_A = \frac{60(50) + 30(50 + 50) + 20(50 + 50 + 80)}{50 + 50 + 80 + 30} = 45.71 \text{ МВт},$$

$$Q_A = \frac{Q_1(L_1) + Q_2(L_1 + L_2) + Q_3(L_1 + L_2 + L_3)}{L_1 + L_2 + L_3 + L_4}, \quad (1.17)$$

$$Q_A = \frac{34(50) + 17(50 + 50) + 11.33(50 + 50 + 80)}{50 + 50 + 80 + 30} = 25.90 \text{ МВт},$$

$$P'_A = \frac{P_3(L_4) + P_2(L_4 + L_3) + P_1(L_4 + L_3 + L_2)}{L_1 + L_2 + L_3 + L_4}, \quad (1.18)$$

$$P'_A = \frac{20(30) + 30(30 + 80) + 60(30 + 80 + 50)}{50 + 50 + 80 + 30} = 64.28 \text{ МВт},$$

$$Q'_A = \frac{Q_3(L_4) + Q_2(L_4 + L_3) + Q_1(L_4 + L_3 + L_2)}{L_1 + L_2 + L_3 + L_4}, \quad (1.19)$$

$$Q'_A = \frac{11.33(30) + 17(30 + 80) + 34(30 + 80 + 50)}{50 + 50 + 80 + 30} = 36.42 \text{ МВт},$$

$$S_A = P_A + Q_A = 45.71 + j25.90 \text{ МВА},$$

$$S'_A = P'_A + Q'_A = 64.28 + j36.42 \text{ МВА},$$

$$P_A + P'_A = 45.71 + 64.28 = 110 \text{ МВт},$$

$$P_1 + P_2 + P_3 = 60 + 30 + 20 = 110 \text{ МВт},$$

$$110 = 110 \text{ МВт},$$

$$Q_A + Q'_A = 25.90 + 36.42 = 62.32 \text{ МВар},$$

$$Q_1 + Q_2 + Q_3 = 34 + 17 + 11.33 = 62.32 \text{ МВар},$$

$$62.32=62.32 \text{ МВар},$$


$$S_{34к} = S'_A - S_3,$$

$$S_{34к} = 64.28 + j36.42 - 20 + j11.33 = 44.28 + j25.09,$$

$$S_{\text{тол}} = S_A + S'_A,$$

$$S_{\text{тол}} = 45.71 + j25.90 + 64.28 + j36.42 = 110 + j62.92.$$

Электр беріліс желісіндегі әр бөліктегі қуаттың таралуын анықтап, кеңейтілген 1.6 – суреттегі схемаға енгіздім.



1.6 – сурет – Электр беріліс желісінің схемасы

1.2 Тұйықталған желінің қималарын есептеу және таңдау

Желінің әрбір учаскесі бойынша токтарды анықтаймыз, ол желінің қуаты мен кернеуі арақатынасы арқылы табылады:

$$I_{\text{ec}} = \frac{S_{\text{ном}}}{\sqrt{3} \cdot U_{\text{ном}}}, \quad (1.20)$$

$$I_{01} = \frac{\sqrt{110^2 + 62.32^2}}{\sqrt{3} \cdot 500} = 1461 \text{ A},$$

$$I_{12} = \frac{\sqrt{45.71^2 + 25.90^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 276 \text{ A},$$

$$I_{41} = \frac{\sqrt{64.28^2 + 36.42^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 380 \text{ A},$$

$$I_{23} = \frac{\sqrt{14.29^2 + 8.1^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 86 \text{ A},$$

$$I_{34} = \frac{\sqrt{44.28^2 + 25.09^2}}{\sqrt{3} \cdot 110} = 26 \text{ A.}$$

Сымның қимасы ток тығыздығына байланысты есептеледі. Сымның қимасының экономикалық шарты:

$$S_{\text{эк}} = \frac{I}{j_{\text{эк}}}, \quad (1.21)$$

мұндағы $j_{\text{эк}}$ – ток тығыздығы
 $j_{\text{эк}} = 1,5 \text{ A/mm}^2$

$$S_{\text{эк01}} = \frac{1461}{1.5} = 974 \text{ мм}^2.$$

Осыған сәйкес таңдалған қима $AC = 3 \cdot 330/43$
 Апаттық режимдегі тогы $I_{\text{доп}} = 3 \cdot 730 \text{ A}$

$$S_{\text{эк12}} = \frac{276}{1.5} = 184 \text{ мм}^2,$$

Осыған сәйкес таңдалған қима $AC = 185/29$
 Апаттық режимдегі тогы $I_{\text{доп}} = 510 \text{ A}$

$$S_{\text{эк41}} = \frac{380}{1.5} = 253 \text{ мм}^2,$$

Осыған сәйкес таңдалған қима $AC = 300/48$
 Апаттық режимдегі тогы $I_{\text{доп}} = 690 \text{ A}$

$$S_{\text{эк23}} = \frac{86}{1.5} = 57.3 \text{ мм}^2,$$

Осыған сәйкес таңдалған қима $AC = 70/11$
 Апаттық режимдегі тогы $I_{\text{доп}} = 265 \text{ A}$

$$S_{\text{эк34}} = \frac{26}{1.5} = 17.3 \text{ мм}^2,$$

Осыған сәйкес таңдалған қима $AC = 35/6.2$
 Апаттық режимдегі тогы $I_{\text{доп}} = 175 \text{ A}$

Кернеуі 110 кВ біртүзбекті әуе беріліс желісінің салыстырмалы параметрлерін анықтаймыз.

Меншікті активті кедергі, Ом/км

$$r_0 = \frac{\rho}{S} \quad (1.22)$$

Сымның радиусы, мм

$$r_{\text{сым}} = \frac{D_{\text{сым}}}{2} \quad (1.23)$$

Меншікті реактивті кедергі, Ом/км

$$x_0 = 0.144 \cdot \lg \left(\frac{D_{\text{орт}}}{r_{\text{сым}}} \right) + 0.0157 \quad (1.24)$$

Меншікті реактивті өткізгіштік, См/км

$$b = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg \left(\frac{D_{\text{орт}}}{r_{\text{сым}}} \right)} \quad (1.25)$$

Сымдарның арасындағы орташа геометриялық арақашықтық мынаған тең

$$D_{\text{орт}} = \sqrt[3]{D_{1-2} \cdot D_{2-3} \cdot D_{1-3}} \quad (1.26)$$

Тұйықталған желінің кедергілерін келесі формулалар арқылы есептеледі.

Желінің активті кедергісін келесі формула арқылы есептеледі

$$R_i = r_0 \cdot l \quad (1.27)$$

Желінің реактивті кедергісін келесі формула арқылы есептеледі

$$X_i = r_0 \cdot l \quad (1.28)$$

Желінің реактивті өткізгіштігін келесідей есептеледі

$$B_i = b_0 \cdot l \quad (1.29)$$

Желінің соңындағы зарядтық қуатты келесі формуламен есептеледі

$$Q_{ci}^k = \frac{1}{2} \cdot U_{\text{ном}}^2 \cdot B_i \quad (1.30)$$

0-1 аймағы үшін (1.22)-(1.30) формулалар көмегімен есептеулер келесідей жүргізіледі

$$r_{01} = \frac{\rho}{S} = \frac{31.52}{330} = 0.09 \frac{\text{Ом}}{\text{км}},$$

$$r_{\text{сбм}} = \frac{D_{\text{сбм}}}{2} = \frac{2,52}{2} = 1,26 \text{ см},$$

$$R_i = r_0 \cdot l = 0,09 \cdot 160 = 14,4 \text{ Ом},$$

$$D_{\text{опт}} = \sqrt[3]{D_{1-2} \cdot D_{2-3} \cdot D_{1-3}} = \sqrt[3]{14 \cdot 14 \cdot 14} = 1400 \text{ см},$$

$$x_{01} = 0.144 \cdot \lg\left(\frac{D_{\text{опт}}}{r_{\text{сбм}}}\right) + 0.0157 = 0.144 \cdot \lg\left(\frac{1400}{1,26}\right) + 0.0157 = \frac{0,452 \text{ Ом}}{\text{км}},$$

$$X_{01} = r_0 \cdot l = 0,452 \cdot 160 = 72,32 \text{ м},$$

$$b_{01} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{D_{\text{опт}}}{r_{\text{сбм}}}\right)} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{1400}{1,26}\right)} = 2,493 \cdot 10^{-6} \frac{\text{см}}{\text{км}},$$

$$B_{01} = b_0 \cdot l = 2,493 \cdot 10^{-6} \cdot 160 = 3,98 \cdot 10^{-4} \text{ см},$$

$$Q_{ci}^k = \frac{1}{2} \cdot U_{\text{ном}}^2 \cdot B_i = \frac{1}{2} \cdot 500^2 \cdot 3,98 \cdot 10^{-4} = 49,7 \text{ МВар}.$$

1-2 аймағы үшін (1.22)-(1.30) формулалар көмегімен есептеулер келесідей жүргізіледі

$$r_{02} = \frac{31.52}{185} = 0.17 \frac{\text{Ом}}{\text{км}},$$

$$r_{\text{сбм}} = \frac{1,88}{2} = 0,94 \text{ см},$$

$$R_{02} = 0,17 \cdot 50 = 8,5 \text{ Ом},$$

$$D_{\text{опт}} = \sqrt[3]{D_{1-2} \cdot D_{2-3} \cdot D_{1-3}} = \sqrt[3]{5 \cdot 5 \cdot 5} = 500 \text{ см},$$

$$x_{02} = 0.144 \cdot \lg\left(\frac{D_{\text{опт}}}{r_{\text{сбм}}}\right) + 0.0157 = 0.144 \cdot \lg\left(\frac{500}{0,94}\right) + 0.0157 = 0,407 \frac{\text{Ом}}{\text{км}},$$

$$X_{02} = 0,407 \cdot 50 = 20,35 \text{ Ом},$$

$$b_{02} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{D_{\text{опт}}}{r_{\text{сбм}}}\right)} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{500}{0,94}\right)} = 2,786 \cdot 10^{-6},$$

$$B_{02} = 2,786 \cdot 10^{-6} \cdot 50 = 1,39 \cdot 10^{-4},$$

$$Q_{ci}^k = \frac{1}{2} \cdot U_{\text{НОМ}}^2 \cdot B_i = \frac{1}{2} \cdot 110^2 \cdot 1,39 \cdot 10^{-4} = 0,80 \text{ МВар.}$$

2-3 аймағы үшін (1.22)-(1.30) формулалар көмегімен есептеулер келесідей жүргізіледі

$$r_{03} = \frac{31,52}{300} = 0,10 \frac{\text{Ом}}{\text{км}},$$

$$r_{\text{сым}} = \frac{2,41}{2} = 1,20 \text{ см},$$

$$R_{03} = 0,10 \cdot 50 = 5 \text{ Ом},$$

$$D_{\text{орт}} = \sqrt[3]{D_{1-2} \cdot D_{2-3} \cdot D_{1-3}} = \sqrt[3]{5 \cdot 5 \cdot 5} = 500 \text{ см},$$

$$x_{03} = 0,144 \cdot \lg\left(\frac{D_{\text{орт}}}{r_{\text{сым}}}\right) + 0,0157 = 0,144 \cdot \lg\left(\frac{500}{1,20}\right) + 0,0157 = 0,391 \frac{\text{Ом}}{\text{км}},$$

$$b_{03} = \frac{X_{03} = 0,391 \cdot 50 = 19,57 \text{ Ом},}{\lg\left(\frac{D_{\text{орт}}}{r_{\text{сым}}}\right)} = \frac{7,58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{500}{1,20}\right)} = 2,90 \cdot 10^{-6},$$

$$B_{03} = 2,90 \cdot 10^{-6} \cdot 50 = 1,45 \cdot 10^{-4},$$

$$Q_{ci}^k = \frac{1}{2} \cdot U_{\text{НОМ}}^2 \cdot B_i = \frac{1}{2} \cdot 110^2 \cdot 1,45 \cdot 10^{-4} = 0,87 \text{ МВар},$$

3-4 аймағы үшін (1.22)-(1.30) формулалар көмегімен есептеулер келесідей жүргізіледі

$$r_{04} = \frac{31,52}{70} = 0,45 \frac{\text{Ом}}{\text{км}},$$

$$r_{\text{сым}} = \frac{1,14}{2} = 0,57 \text{ см},$$

$$R_{04} = 0,45 \cdot 80 = 36 \text{ Ом},$$

$$D_{\text{орт}} = \sqrt[3]{D_{1-2} \cdot D_{2-3} \cdot D_{1-3}} = \sqrt[3]{5 \cdot 5 \cdot 5} = 500 \text{ см},$$

$$x_{04} = 0,144 \cdot \lg\left(\frac{D_{\text{орт}}}{r_{\text{сым}}}\right) + 0,0157 = 0,144 \cdot \lg\left(\frac{500}{0,57}\right) + 0,0157 = 0,439 \frac{\text{Ом}}{\text{км}},$$

$$X_{04} = 0,439 \cdot 80 = 35,12 \text{ Ом},$$

$$b_{04} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{D_{\text{опт}}}{r_{\text{сйм}}}\right)} = \frac{7.58 \cdot 10^{-6}}{\lg\left(\frac{500}{0,57}\right)} = 2,57 \cdot 10^{-6},$$

$$B_{04} = 2,57 \cdot 10^{-6} \cdot 80 = 2,05 \cdot 10^{-4},$$

$$Q_{ci}^k = \frac{1}{2} \cdot U_{\text{ном}}^2 \cdot B_i = \frac{1}{2} \cdot 110^2 \cdot 2,05 \cdot 10^{-4} = 1,24 \text{ МВар},$$

1.2.1 Тұйықталған жүйеде максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы және шығындарын есептеу

А-1 аймақ үшін есептеулер келесідей жүргізіледі және мәндері 1.7 – суретке енгізіледі.

$$S_{A-1}^k = S_{A-1} - Q_{A-1} = 45.71 + j25.9 - 0.84 = 45.71 + j25.06,$$

$$\Delta S_{A-1} = \frac{45.71^2 + 25.06^2}{110^2} \cdot (8.5 + 20.35j) = 1.87 + j4.47,$$

$$S_{A-1}'' = S_{A-1}^k + \Delta S_{A-1} = (45.71 + 1.87) + j(25.06 + 4.47) = 47.58 + j29.53.$$

1-2 аймақ есептеулер келесідей жүргізіліп мәндері 1.7-суретке енгізіледі.

$$S_{1-2}^k = S_{1-2} - Q_{1-2} = 14,29 + j8,1 - 0.87 = 14,29 + j7,23,$$

$$\Delta S_{1-2} = \frac{14,29^2 + 7,23^2}{110^2} \cdot (5 + 19,5j) = 0,1 + j0,39,$$

$$S_{1-2}'' = S_{1-2}^k + \Delta S_{1-2} = (14,29 + 0,1) + j(7,23 + 0,39) = 14,39 + j7,62.$$

2-3 аймақ үшін есептеулер келесідей жүргізіледі және мәндері 1.7 – суретке енгізіледі.

$$S_{2-3}^k = S_{2-3} - Q_{2-3} = 44,28 + j25,09 - 1,24 = 44,28 + j23,85,$$

$$\Delta S_{2-3} = \frac{44,28^2 + 23,85^2}{110^2} \cdot (36 + 35,12j) = 7,2 + j7,024,$$


$$S_{2-3}'' = S_{2-3}^k + \Delta S_{2-3} = (44,28 + 7,2) + j(23,85 + 7,024) = 51,48 + j30,87.$$

3-А' аймақ үшін есептеулер келесідей жүргізіледі және мәндері 1.7 – суретке енгізіледі.

$$S_{3-A'}^k = S_{3-A'} - Q_{3-A'} = 64,28 + j36.42 - 0.44 = 64,28 + j35.98,$$

$$\Delta S_{3-A'} = \frac{64,28^2 + 35,98^2}{110^2} \cdot (27 + 13,7j) = 10,8 + j5,48,$$

$$S''_{3-A'} = S^k_{3-A'} + \Delta S_{3-A'} = (64,28 + 10,8) + j(35,98 + 5,48) = 75,08 + j41,46$$



1.7 – сурет – Электр беріліс желісінің максималды жүктеме кезіндегі алмастыру схемасы

1.3 Желідегі қысқа тұйықталу тогын табу және параметрлеріне сәйкес аппараттар таңдау

АТДЦТН–250000/500/110 типті трансформатордың паспорттық берілгендерін 1.5 – кестеге енгіземін.

Салыстырмалы бірлікте базистік қуат

$$S_6 = 100 \text{ MVA}$$

Базистік кернеу

$$U_{\text{баз1}} = 500 \text{ кВ}$$

$$U_{\text{баз1}} = 110 \text{ кВ}$$

$$U_{\text{баз1}} = 10,5 \text{ кВ}$$

1.5 – кесте – АТДЦТН-250000/500/110 трансформаторының паспорттық берілгені

Трансформатор типi	$S_{\text{ном}}$	Уном.орам, кВ			Uк, %			Рк.т кВт	Рб.ж кВт	I, %
		U _{вн} , кВ	U _{сн} , кВ	U _{нн,к} , В	Ж к- Ок	Ж к- Тк	Ок- Тк			
АТДЦТН- 250000/500/110	250000	500	121	10,5	13	33	18,5	670	190	0.40

Генератордың кедергісі:

$$x_{\Gamma} = x_d'' \cdot \frac{S_6}{S_{\text{нг}}}. \quad (1.31)$$

мұндағы x_{Γ} – генератор кедергісі

x_d'' – аса өтпелі индуктивті кедергі

$S_{\text{нг}}$ – генератордың номиналды қуаты, МВА

S_6 – базистік қуат, МВА

(1.31) формулаға сәйкес:

$$x_{\Gamma} = x_d'' \cdot \frac{S_6}{S_{\text{нг}}} = 0.3 \cdot \frac{100}{250} = 0.12,$$

Желілердің кедергілері:

$$x_{\text{л}} = x_0 \cdot \frac{S_6}{U_6^2}, \quad (1.32)$$

$$x_{\text{л}} = x_0 \cdot \frac{S_6}{U_6^2} = 0.4 \cdot 160 \cdot \frac{100}{500^2} = 0.0256.$$

Трансформатордың кедергілері:

$$x_{\text{тр}*} = \frac{U_{\text{кз}}}{100} \cdot \frac{S_6}{S_{\text{нт}}}. \quad (1.33)$$

мұндағы $x_{\text{тр}*}$ – трансформаторлардың кедергілері

$U_{\text{кз}}$ – трансформатордың қысқа тұйықталу кернеуі

$S_{\text{нт}}$ – трансформатордың қуаты

Әр орамның қысқа тұйықталу кернеулері анықталады

$$U_{\text{k1}} = 0.5 \cdot (U_{(\text{жк}-\text{ок})} + U_{(\text{жк}-\text{тк})}) - U_{(\text{ок}-\text{тк})},$$

$$U_{\text{k2}} = 0.5 \cdot (U_{(\text{ок}-\text{тк})} + U_{(\text{жк}-\text{ок})}) - U_{(\text{жк}-\text{тк})}, \quad (1.34)$$

$$U_{\text{k3}} = 0.5 \cdot (U_{(\text{жк}-\text{тк})} + U_{(\text{ок}-\text{тк})}) - U_{(\text{жк}-\text{ок})},$$

$$U_{\text{k1}} = 0.5 \cdot (U_{(\text{жк}-\text{ок})} + U_{(\text{жк}-\text{тк})}) - U_{(\text{ок}-\text{тк})} = 0.5 \cdot (13 + 33 - 18.5) = 13.75\%,$$

